




## Негізгі түйіндер

## Экономиканың едәуір баяу өсуі

2015ж. қаңтар-сәуірінде қысқамерзімді экономикалық индикатор өсуі, өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 102,0%-дан 101,7%-ға дейін баяулады. Сонымен қатар, көліктен бөлек, экономиканың барлық негізгі салаларында өсу үрдісі сақталған.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

## 1. Макроэкономикалық индикаторлар

## 1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

р/с№	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-наурыз	2015ж. наурыз	% -бен		2015ж. наурыз 2015ж. ақпанға
					2014ж. қаңтар-наурызға	2014ж. наурызға	
А		Б	1	2	3		
1	<b>ІЖӨ (2015ж. 1тоқ. үшін жедел деректер)</b>	млрд. теңге	<b>7 933,3</b>		<b>102,2</b>		
2	Өнеркәсіп	млрд. теңге	4 515,7	1 143,4	100,3	99,6	97,0
3	Ауылшаруашылығы	млрд. теңге	349,1	94,8	102,9	102,7	97,1
4	Құрылыс	млрд. теңге	426,4	164,3	102,1	102,9	142,7
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд. т.км.	156,9	38,5	95,9	90,8	96,5
6	Байланыс	млрд. теңге	225,2	55,1	105,5	100,2	98,4
7	Сауда	млрд. теңге	1 766,0	455,4	103,1	101,7	100,4
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	1 415,2	445,3	103,1	101,8	108,7
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%	-	-	105,8	104,6	100,1
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%	-	5,0	-	-	-

## Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-ақпан	2015ж. ақпан	% -бен		2015ж. ақпан 2015ж. қаңтарға
					2014ж. қаңтар-ақпанға	2014ж. ақпанға	
А		Б	1	2	3		4
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл.	19 122,8	5 696,9	61,4	57,8	95,9
1.1.	- экспорт	млн. долл.	11 939,1	3 384,6	52,7	48,9	90,4
1.2.	- импорт	млн. долл.	7 183,7	2 312,3	84,8	78,7	105,3
2	Орташа жан басына шаққандағы ном. ақшалай кіріс	мың теңге	189,8	65,4	109,7	108,8	104,8
3	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	-	132,5*	109,1	113,5*	109,6*
4	Нақты жалақы индексі	%	-	-	102,7	107,9*	109,5*

Ескерту: Шолуды дайындау кезінде Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банктің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемстатистиканың Федералдық қызметі деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\* - бағалау



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2015 жылғы қаңтар-сәуірде экономикалық өсу баяулады, сонмыен қатар, экономиканың негізгі салаларының басым бөлігінде өсу үрдістердің сақталуы байқалады.

## Оң үдерістер

р/с №	2014ж. қаңтарға %-бен 2015ж. қаңтар	Факторлар	Анықтамалық: 2013 ж. қаң.-жел.%-бен 2014ж. қаң.-жел.
1. ІЖӨ (2015ж. 1тоқ. үшін жедел деректер)	102,2	өнеркәсіп пен құрылыстан басқа, іс жүзінде барлығын құрайтындардың өсуі	
2. Өнеркәсіп	100,3	тау-кен және өңдеу салаларының көрсеткіштерінің жақсаруы	100,6
2-1. Тау-кен өндіру саласы	100,6	шикі мұнай, табиғи газдың және металл рудаларын шығару көлемдерінің ұлғаюуы	101,1
2-2. Өңдеу саласы	100,4	металлургия өнеркәсібінде шығару көлемдерінің ұлғаюуы	100,5
3. Ауылшаруашылығы	102,9	мал шаруашылығы көрсеткішінің жақсаруы	103,0
4. Құрылыс	102,1	күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары көлемдерінің ұлғаюуы	101,9
5. Байланыс	105,5	Интернет желісінен көрсетілген қызметтен кірістердің ұлғаюуы	107,3
6. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	103,1	базарлар мен жеке кәсіпкерлердің саудасының өсуінің жалғасуы	103,6
7. Негізгі капиталға инвестициялар	103,1	меншік қаражаты есебінен қаржыландыруды ұлғайту	102,9
8. Инфляция	105,8	азық-түлік тауарлары бағасының төмендеуі	106,2

2015 ж. қаңтар-сәуірінде көлік саласында жүкайналым төмендеді. Импорттың және экспорттың жалғасын қысқаруы сыртқы сауда айналымының төмендеу қарқынының ұлғаюуына себепші болды.

## Теріс өзгерістер

№пп	2014ж. қаңтарға %-бен 2015ж. қаңтар	Факторлар	Анықтамалық: 2013 ж. қаң.-жел.%-бен 2014ж. қаң.-жел.
9. Көлік	95,9	теміржол көлігінде жүкайналымының төмендеуі	97,7
10. Сыртқы сауда айналымы (2014 ж. қаң.-жел. және 2014 ж. қаң.-қар.)	61,4	экспорттың және импорттың төмендеуі	62,9
10-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт (2014 ж. қаң.-жел. және 2014 ж. қаң.-қар.)	52,7	минералды өнімдер, сондай-ақ отынэнергетикалық тауарлар, бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	54,2
10-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт (2014 ж. қаң.-жел. және 2014 ж. қаң.-қар.)	84,8	машиналар мен жабдықтар импортының қысқаруы	87,8




**Ішкі жалпы өнім**

**1.3. ІЖӨ өндіріс әдісімен**

**2015ж. қаңтар-наурызда ІЖӨ 2,2%-ға өсті**

ҰӘМСК-нің деректері бойынша, ІЖӨ 2015ж. қаңтар-наурыз үшін нақты көрсеткіш бойынша 2,2%-ға ұлғайып, 7,9 трлн.теңге болды

**Тауарлар өндірісі 0,9%-ға, ал қызмет көрсету 3,5%-ға өсті.** 2014 жылғы осы көрсеткіштермен салыстырғанда, өндірістің өсуі 1,9%-ға баяулады, бұл ретте өндірістің үлесі 59,4%-ға дейін өсті.



*Қызмет көрсету секторы, мұнда іс жүзінде барлық негізгі құрамдас бөліктер өсуді көрсетті, 2015ж. 1-ші тоқсанында экономиканың драйвері рөлін атқарды*


**1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ**

**2014 жылы түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ 4,3%-ға ұлғайды**

ҰӘМСК деректері бойынша, 2014ж. ІЖӨ нақты көрсеткіш бойынша 4,3%-ға ұлғайып, 37,38 трлн.теңге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 0,1%-ға өсті, жалпы жинақтау 2013 жылға 7,1%-ға ұлғайды.

Өсуге мем. басқару органдарының (10,3%), ҮШҚҚ\* (15,3%) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капитал жинақтары шығыстарының ұлғаюы (0,2%-ға өсу) себепші болды. Сонымен қатар, үй шаруашылықтарының шығыстарының 2,3%-ға төмендеуін айта кеткен жөн.

"Таза экспорттың" үлесі экспорт үлесінің ұлғаюына (0,5%-ға) және тауарлар және қызмет көрсету импорты үлесінің азаюына (1,1%-ға) орай 2014 жылға қарағанда 1,6%-ға өсті.




\*- ҮШҚҚ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар

**1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ**

**2015 жылдың 1-тоқсанының қорытындылары бойынша - Өзбекстан ІЖӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы**

ҰӘМСК және ТМД Статистикалық Комитеттің деректері бойынша ТМД елдерінің арасында 2015ж. 1 тоқ. ІЖӨ-нің ең көп өсуі 2014 жылғы тиісті кезеңге қатысты Өзбекстанда (7,5%-ға өсу). Ресейде 1,9%-ға төмендеу байқалды.



1- Армения бойынша деректер 2014 ж. 2013 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырылып келтірілген  
 2- Молдова бойынша деректер 2014 ж. 2013 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырылып келтірілген  
 3- Украина бойынша деректер 2014 ж. 2013 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырылып келтірілген



1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

**Мұнайдың бағасы**

Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және тиісінше өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етті. 2015 жылғы сәуірде, 2014ж. сәуірге қатысты, Brent маркалы мұнайдың номиналдық құны 44,9%-ға төмендеді, бұл ретте тау-кен өндіру саласында өндірістің нақты көлемі 0,5%-ға төмендеді, ал тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі ақшалай көрсеткіште 40,6%-ға төмендеді.

**Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемі**


Өнеркәсіп өндірісіне негізгі салымды өңделмеген мұнай өндіру қосады, оның үлесі 2015ж. сәуірде 40,7% болды.

2015ж. сәуірде өңделмеген мұнайды өндіру (нақты көрсеткіш) 2014ж. сәуірге қарағанда 1,1%-ға азайды, Brent маркалы мұнайдың бағасы 2015ж. сәуірде бір баррель үшін 59,4 доллар\* болды, бұл 2014ж. сәуірден 48,4\$-ға төмен және 2015ж. наурыздан 3,6\$-ға жоғары. Өндіру саласының жылдық НКИ 0,5%-ға, ал айлық - 6,1%-ға төмендеді\*\*.

2015ж. қаңтар-сәуірде өңделмеген мұнайды өндіру көлемі (нақты көрсеткіш) 2014ж. тиісті кезеңге 0,2%-ға ұлғайды.

\*- <http://econ.worldbank.org>

\*\*<http://stat.gov.kz>: 2015 жылғы қаңтар-сәуірде өнеркәсібі жұмысының қорытындылары



**Сыртқы сұраныс**

Қазақстандық экспорттың көп бөлігі Еуроодақ елдеріне (2015 жылғы қаңтар-наурыздағы экспорттың үлесі 59,4% болды), Қытайға (10,8%) және Ресейге (7,5%) жеткізілетіндіктен, осы елдердің экономикаларының жай-күйі Қазақстанның сыртқы саудасының көлеміне біршама тәуелді. 2015 жылдың 1-тоқсанында ЕО ІЖӨ өсуі (28) 0,4% болды, Ресейде көрсеткіш көрсеткіш 1,9%-ға төмендеді, Қытайда өсу 7,0%-ға дейін баяулады.


**Сыртқы сауда айналымы**

**2015ж. қаңтар-наурыз**

2015ж. қаңтар-наурызда сыртқы сауда айналымы 38,6%-ға төмендеді (экспорт 47,3%-ға төмендеді, импорт - 15,2%-ға қысқарды). 2015ж. наурызда (2013 ж. наурызбен салыстырғанда) сыртқы сауда айналымы 42,2%-ға төмендеді (экспорт 51,1%-ға қысқарды, импорт 21,3%-ға төмендеді).

Экспорттың құрылымында минерал өнімдер (78,5% 2015ж. қаңтар-наурыз), импортта - машиналар, жабдық, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (43,4%) басымдыққа ие.

2015 жылғы қаңтар-наурызда Кеден одағы елдерімен экспорт 2015 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 31,1%-ға қысқарды, импорт – 16,5%-ға төмендеді.



**Экономикадағы ақша ұсынысы**

Сыртқы нарықтардағы конъюнктураның өзгеруі (мұнай бағасының төмендеуі) экономиканы кредиттеуге теріс әсерін тигізді. АҚШ-тағы сандық жұмсарту бағдарламасының аяқталуы, дамушы мемлекеттердің нарықтарынан капиталдың дамыған елдерге ағыны өңірлік және отандық экономикаға әсерін тигізді. Сонымен қатар, 2014 жылы Ұлттық қордың активтерінен экономиканы қолдауға қаражат бөлуге шешім қабылданды: банктер арқылы шағын және орта бизнес субъектілерін кредиттеуге бөлінген 100 млрд. теңге мөлшерінде қаражат толық игерілді, бұдан басқа, 250 млрд. теңге банктердің жұмыс істемейтін кредиттерімен жұмыс істеу үшін "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-тың жарғылық капиталын толықтыруға жіберілді. Мемлекеттің шараларына орай сыртқы теріс факторлардың ықпал ету дәрежесі төмендеді, бұл экономиканы жеткілікті кредиттік ресурстармен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

**Кредиттер бойынша берешек\***


**2015ж. қаңтар-сәуірде кредиттеу көлемі өзгеріссіз қалды: 12,10 трлн. теңге.**

Кредиттеуің жалпы көлемінің төмендеуі үрдісі белгіленді, жылдық есеппен алғандағы көлемі 1,0%-ға төмендеген (2015ж. наурыз айының соңында да 1,0%-ға төмендеу байқалған).

2015 жылдың басынан сәуір айына дейін сауда, құрылыс және ауылшаруашылығын кредиттеу сәйкесінше 2,9%, 0,5% және 0,4%-ға төмендеген. Сонымен қатар, көлік саласын кредиттеу көлемдері ұлғайған (4,2%).

\* - кезең соңындағы деректер бойынша

\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет






**2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ**

**Тауарлар өндірісі**

**2.1. ӨНЕРКӘСІП**


**Өнеркәсіптік шығару көлемдерінің өсу қарқындарының баяулауы**

2015 жылы сәуірде өнеркәсіптік шығару көлемдерінің өсу қарқындары баяулады. 2015 жылғы қаңтар-сәуірде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2014 жылғы тиісті кезеңге (2014 жылғы қаңтар-сәуір - 0,1%-ға азайды, 2015ж. наурызда - 0,6%-ға өсті) 0,6%-ға ұлғайды. Баяулауға тау-кен өндіру және өңдеу салаларындағы көрсеткіштердің баяулауы себепші болды.




**Тау-кен өндіру - шығару көлемдерінің өсу қарқындарының баяулауы**

2015 жылғы қаңтар-сәуірде тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі 2014 жылғы тиісті кезеңге (2015ж. қаңтар-наурыз - 1,1%-ға өсті, 2014ж. қаңтар-сәуірде - 0,3%-ға қысқарды) 0,6%-ға өсті. Өңделмеген мұнай өндіру 0,2%-ға дейін өсті (2015 жылғы қаңтар-наурызда - 0,9%-ға өсті), табиғи газ өндіру 8,2%-ға, металл рудаларын өндіру 3,9%-ға және түсті металдар рудаларын өндіріс 7,2%-ға өсті.



**Өңдеу - шығару көлемдерінің өсу қарқындарының баяулауы**


Сала бойынша ұлғаю 2015ж. қаңтар-сәуірде 2014 жылғы тиісті кезеңге (2015 ж. қаңтар-ақпан үшін - 0,5%-ға ұлғайды) 0,4% болды. Бұған асыл және түсті металдар өндірісінің 26,4%-ға өсуі металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің 15,8%-ға ұлғаюы себепші болды (2015 жылғы қаңтар-сәуірде асыл және түсті металдар өндірісінің өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 36,6%-ды құрады).



**2.2. Құрылыс**

**Өсу үрдісінің сақталуы**

2015 жылғы қаңтар-сәуірде жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 жылғы қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 2,1%-ға дейін өсті. Күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша жүргізілген жұмыстар 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, 1,4 есе ұлғайды. Сонымен қатар, 2015ж. қаңтар-сәуірде құрылыс-монтаж жұмыстары көлемі құрылыс жұмыстары құрылымындағы үлесі 89,0% болды, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,3%-ға азайды.






**2.3. Ауылшаруашылығы**

**Мал шаруашылығы өнімінің көлемдерінің өсуінің жалғасуы**

Ауылшаруашылығы секторы 2015 жылғы қаңтар-сәуірде 2014 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 2,9%-ға өсті (2015 жылғы қаңтар-наурызда - 3,0%-ға өсті, 2014 жылғы қаңтар-сәуірде - 3,6%-ға өсті). Өсуге 2015 жылғы қаңтар-сәуірде 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда мал шаруашылығы өнімі көлемінің 3,0%-ға ұлғаюы себепші болды, осы уақытта өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі өзгерген жоқ.




**Қызмет көрсету саласы**

**2.4. Сауда**

**Өсудің жалғасуы**


2015ж. қаңтар-сәуірде бөлшек тауар айналымының өсуі 2014ж. қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 3,1%-ға ұлғайды (2015ж. қаңтар-наурыз - 3,6%, 2014ж. қаңтар-наурыз - 10,0%). Негізгі фактор - сауда-саттық жасаушы жеке кәсіпкерлердің сауда көлемінің (бөлшек тауар айналымындағы оның үлесі - 45,6%) - 5,8%-ға дейін өсуі.



**2.5. Көлік**

**Жұқайналым көлемінің азаюы**


Көлік секторындағы көлем 2014ж. қаңтар-сәуірмен салыстырғанда 2015 жылғы қаңтар-сәуірде 4,1%-ға азаюды көрсетті, бұл теміржол көлігіндегі жүк ағынының 13,2%-ға (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі 47,7% болды) азаю себепінен болды.



**2.6. Байланыс**

**Өсудің баяулауы**

2015ж. қаңтар-сәуірде байланыс қызметі көлемінің өсуі 2014ж. сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,5%-ға дейін баяулады (2015ж. қаңтар-наурызда - 7,7%-ға өсті, 2014ж. қаңтарда-сәуірде - 10,4%-ға өсті). Негізгі факторлар - байланыс қызметтеріндегі үлесі 28,3% болатын интернет желісі бойынша кірістердің 22,1%-ға және, байланыс қызметтеріндегі үлесі 14,0% болатын өзге қызметтер көлемінің 32,0%-ға өсуі.






### 3. Инфляция

#### 3.1. Тұтыну бағасының индексі

##### Инфляция қарқынын баяулануы

2015 жылғы қаңтар-сәуірде инфляцияның өсуі 2014 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,8% болды, бұған азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағаларының төмендеуі себепші болды. 2015ж. сәуірде инфляцияның өсуінің қарқыны жылдық есеппен алғанда 4,6%-ға дейін баяулады (2014ж. сәуірде - 6,5%), айлық өсу 0,1%-ды құрады. 2015ж. Сәуірде ақылы қызметтердің бағалары мен тарифтердің төмендеуі 0,1%-ды құрады.




### 4. Инвестициялар

#### 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

##### Өсудің негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

Инвестициялардың өсу қарқыны 2015ж. қаңтар-сәуірде 2014ж. тиісті кезеңге (2015ж. қаңтар-наурызда көрсеткіштер 2,9%-ға өсті, 2014ж. қаңтар-сәуірде - 2,1%-ға өсті) 3,1%-ға дейін артты. Негізгі көзі - меншікті қаражаттың үлесі 62,3% болды.




### 6. Еңбек нарығы

#### 6.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

##### Жұмыссыздық деңгейі өзгерген жоқ

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі мәнге дейін төмендеді және 12 ай бойы 5,0-5,1% шекте қалып отыр. 2015 жылғы сәуірде жұмыссыздық көрсеткіші 5,0% болды.

2015 ж. наурызда жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыздар саны мүлдем өзгерген жоқ, нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі бұрынғы деңгейде қалды.



#### 6.2. Халықтың кірістері

##### Халықтың кірістерінің өсу қарқыны баяулады

2015 жылғы сәуірде орташа айлық жалақы 2014 жылғы сәуірмен салыстырғанда номиналды көрсеткіш бойынша 2,0%-ға ұлғайды (айлық есеппен алғанда 10,0 %-ға төмендеді). Бұл ретте, 2015ж. наурызда жылдық көрсетудегі халықтың нақты ақшалай кірісінің өсу қарқыны 103,4%-ға дейін баяулады. Нақты айлық жалақы индексі де төмендеді (97,5%).

